

Колледждің Қамқоршылық Кеңесі мүшелерімен
өткізілген жиналысының
№ 5 ХАТТАМАСЫ

Жиынға қатысушылар: Қамқоршылық Кеңес төрағасы, мүшелері, колледж директоры, әкімшілік құрамы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Колледж 2024-2025 оқу жылына қабылданған білім алушылары туралы жалпы мәлімет, мониторинг.
Директордың оқу-ісі бойынша орынбасары: Турганова Ж.С
2. Студенттердің өндірістік практикасынан өту туралы кәсіпорындармен шарттар, әлеуметтік әріптестермен бірлескен қызмет туралы шарттар жасасуға жәрдемдесу
Оқу –өндірістік жөніндегі орынбасары Нургазиева Б.А
3. Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтардың, нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, буллингтің, людоманияның алдын алуға жәрдемдесу Кәмелетке толмағандар арасында қосымша біліммен қамту (үйірмелер мен спорт секциялары)
4. Колледж студенттерін қоғамдық, мәдени-демалыс қызметіне, көшпелі іс-шараларға тарту, 2024-2025 оқу жылына арналған студенттер лигасына қатысу
5. Ағымдағы сұрақтар

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. 2024-2025 оқу жылына қабылданған білім алушылар туралы жалпы мәлімет және мониторинг
Колледждің қабылдау комиссиясы биылғы оқу жылына қабылданған білім алушылар бойынша жалпы мәліметтер дайындап, олардың мониторингін тұрақты жүргізуді қамтамасыз ететін болады. Әр мамандық бойынша студенттердің саны, гендерлік құрамы, аймақтық құрамы және орташа ұпайы туралы мәліметтер тұрақты түрде жаңартылып отырады.
2. Өндірістік практика және әлеуметтік әріптестік шарттары
Студенттердің өндірістік практикадан өтуін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті кәсіпорындармен және әлеуметтік әріптестермен бірлескен қызмет туралы келісімшарттар жасасу қажеттігі айтылды. Оқу бөліміне және кураторларға өндірістік орындармен байланыс орнатып, студенттердің практикадан өтуін ұйымдастыру тапсырылды.
3. Құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, буллингтің және людоманияның алдын алу

Құқық бұзушылықтардың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, буллингтің және құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыстарды күшейту ұсынылды. Кәмелетке толмағандарды қосымша біліммен қамту мақсатында үйірмелер мен спорт секцияларына тарту жұмыстары ұйымдастырылады. Бұл бағытта кураторлар мен психологтар профилактикалық шараларды қолға алады.

4. Қоғамдық және мәдени іс-шараларға қатысу

Колледж студенттерінің қоғамдық және мәдени-демалыс іс-шараларына, сондай-ақ көшпелі іс-шараларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет. 2024-2025 оқу жылына арналған студенттер лигасына қатысуға дайындық жұмыстары қолға алынады.

Жиналыстың шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылына қабылданған білім алушылар туралы мәліметті жинау, мониторингін жүргізу жұмыстары қабылдау комиссиясына тапсырылсын.
2. Оқу бөліміне және кураторларға өндірістік практика бойынша кәсіпорындармен және әлеуметтік әріптестермен келісімшарттар жасау тапсырылсын.
3. Кураторларға құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, буллингтің және құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу бойынша профилактикалық шараларды тұрақты түрде жүргізу жүктелсін.
4. Студенттерді қоғамдық, мәдени іс-шараларға, көшпелі іс-шараларға белсенді қатысуға шақыру және студенттер лигасына қатысу үшін дайындық жұмыстарын ұйымдастыру оқу бөліміне тапсырылсын.

Кеңес төрағасы: Тасмағанбет С.М.

Кеңес мүшелері:

Қабдигалин Е.М.
Тасмағанбетов С.
Турникова А.А.
Қожабаева К.С.
Айтмағанбет М.
Маманов К.А.
Бусекова А.Е.

Кеңес хатшысы:

Сәрсенбаева Б.М.

Тасмағанбет

Қабдигалин
Тасмағанбетов
Турникова
Қожабаева
Айтмағанбет
Маманов
Бусекова

Сәрсенбаева